Қажы әндерінің байқауын қашан өткіземіз?

Қадырбек КӘКІМҰЛЫ

Бала күнімізде аса бір мұңлы, шерлі, терең сезімге толы әуенді жиі естітінбіз. Апаларымыз түні ұзақ қыстың кешінде білтелі шамның сәулесімен әлдебір істі қолға алғанда айырықша нақышпен ыңылдай айтып, өзгеше күйге еніп, кейде көздеріне жас үйіріліп, «Қажы атамыздың әні ғой» деп отыратын. Сол әндердің авторы тоталитарлық заманда құғын-сүргінге ұшырап, «халық жауы» атанып, атылып кеткен алаштың асыл ұлы Шәкерім Құдайбердіұлы екенін кейінірек естідік. Бірақ біз де жұмған аузымызды ашпадық. Ол қажы атамыз туралы деректерге тыйым салынған кез еді. Тек, сексенінші жылдары ғана сол бала күнімізден таныс әуенді там-тұмдап ести бастадық.

Шәкерім әндерін белгілі өнер зертеушісі Талиға Бекхожина ертеректе нотаға түсірген. Нағыз орындаушылары кейін пайда болды. Алғашқылардың бірі де бірегейі, насихатшысы деп Шығыстың ардақты әншісі Келденбай Өлмесековті айтамыз. Мен онымен дос едім. Қажы атамыздың әндерінің шығуы жайында кездескен сайын ұзақ әңгіме-дүкен құратынбыз.

Келденбай ширек ғасыр 300-ге жуық халық әндерін, Абай, Ақан, Ағашаяқ, Мұқаметжан, Майбасар шығармаларын орындады. Бұлардың арасында Шәкерімнің, Шәкердің әндері бір төбе болатын. Ұлы тұлғаның ән – мұрасымен табысуға себеп болған жазушы Т.Ибрагимов екен. Ал оларды танудағы жолын ашқан – Шәкер Әбенов. «Менім пірім – Шәкер» дейтіні де содан.

– Шәкердің жанында жүріп, қаншама ұмытылған әндерді үйрендім, өмірлік нәр алдым, қаншама әндерінің мұртын бұзғызбай мұрағатта қалдырдым, – дейтін ол көзі тірісінде.- Маған Шәкерімнің «Ең қызық жастық шағыңнан», Мағжанның «Сен сұлуынан» бастап он ән үйретті. Бірақ Шәкерім әндері алғашқыда көңіліме аса қонбады. Шамасы 1980 жылдың қара күзі болар, Аягөзге бара жатып күре жолдың бойынан орын тепкен «Жданов» кеңшарындағы қиқар шалдың үйіне соқтым. Шәкең бетіме қулана қарап, шиқылдап күлетін әдетіне басып:

– Әй, көк ми! Маған әдейі келген екенсің, мынау Шәкерімнің – «Сегіз аяғы», үйреніп ал, – деп домбырасын қолына алды. Сондай ұзақ екен. Тағы миыма қонбады. Шәкерім әндері мен күйлері өзіндік өлшеммен, сезім терендігімен, әуен-әуезімен ерекшеленеді. Өзегіне бойламай орындау қиынның қиыны. Соны меңгергеншe бір қамау терім алынған еді.

К.Өлмесеков ұлы тұлғаның әндерін орындамас бұрын Қажы атамыздың баласы Ахат Шәкерімұлының қасында екі-үш жылдай болыпты. Келденбайдың арқасында ол кісіні мен де көрдім, әңгімесін естідім. Келденбай «Ахат атамыздың ықпалымен Шәкерім саңылау пайда болды, ақынды шындап түсіне бастадым», – деп күлетін. Ол Шәкерім шығармаларының негізгі орындаушылары Ахат атаның, Ниязбек Алдажаровтың, Қабыш Керімқұловтың алдын көрді, әндерін тыңдады. Өлмесеков өлмес мұраны Ниязбек Алдажаровтың есімімен байланыстыратын. Сол кісінің қолжазбаларын көп пайдаланғанын айтып отыратын.

– 1986 жылдың желтоқсан оқиғасынан кейін Төкен Ибрагимовтың қысқы саяжайына бардым, – деген-ді бірде Келдекең, – іштегі қапаны бүге алмай:

– Төке, мына заман қайда барады? – дедім.

– Әй, сен оны қайтесің, саясат – сайқалдың ойыны. Сен одан да қажы атаңның мына әндерін үйрен, – деп Ахаттың, Қабыштың, Ниязбектің 11 әнін қолыма ұстатты. Төкеңнің саяжайында соларды бір ай бойы үйренумен болдым. Айтуға аса ауыр. Бірден түсіне қоймайсың. Ұнтаспалардың сапасы нашар. Дауыс ырғақтары түпнұсқаға маңайламайды. Соларды жылға жуық уақыт жұмсап, көкейіме қондырдым. Н.Алдажаровтың ұнтаспасына сүйендім.

Кезінде ұстазы Жүсіпбек Елебеков «Әнді үйреніп айту әншілік емес, зерделеп айту – әншілік» дейтін. Қажы ата туындылары аса сезімталдықты, орындау барысында әннің өзіне айналып кетуді талап ететін. Келденбай оның үдесінен шығып, ән драмасын көрерменінің көкірегіне, тыңдарманның құлағына құя білді.

1988 жылдан бастап сал-серінің соңғы сарқытындай Алтай мен Атырау арасындағы қазақ жерін жаяу-жалпылай аралап жүріп, ұлы мұраны Алаш баласына таныстырды. Әр сапардан келген сайын маған телефон соғып, сағаттап отырып әңгімесін айтатын.

– Бастапқыда мектептерге барғыштап жүрдім, – дейтін, – ол кезде Шәкерім шығармалары оқу бағдарламасына еңгізілмеген. Баспадан шыққан жалғыз-ақ кітап бар. Батыс пен Ақтөбенің, Көкшетаудың орыстанған ауылдарында болғанымда мектеп мұдірлері менен «Шәкерім деген кім»? – деп сұраған кездері де болды.

Шәкерім атамның әндерін бір жүйеге келтіріп, лекция-концерт жасауға белгілі өнер зерттеушісі, абайтанушы-ғалым Т.Ибрагимовке ұсыныс жасадым. Сөйтіп, «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» деген лекция-концерт дайындалды. Бабамызды кеңінен таныстыру үшін оны орыс тіліне өзім тәржімаладым. Осылайша ұлы тұлға әндері әлемінің көкжиегін кеңейттім.

Ол исі қазақ даласында ғана емес, Ресейдің алты аймағында болып, Шәкерімнің әндерін насихаттады. 90-шы жылдардың екінші жартысында Келдекең Қазақ телевидениесі музыка редакциясының тапсырысы бойынша бір топ өнер зерттеушілерімен бірге арнайы сапарға шығады. Ресейдің Алтай автомиясының «Майма» қаласындағы жоғары оқу орны студенттері мен оқытушыларымен кездесу өткізіп, орыс тілінде лекция оқып, атамыздың әндерін бір жарым сағат мөлшерінде орындап, дүйім жұртты таңдай қаққызады. Бұл оның қажы ата және ақынның ұрпақтары туралы шығармашылық ізденісте жүрген кезі еді.

Бірде маған «Мынаны қара» – деп Қытайдың Алтай аймағындағы ағартушы-педагог Сәкен Құсайынұлынан Алматыдағы газеттердің бірінің редакциясына келіп түскен өлеңді көрсетті. Автордың айтуынша, қажының кенжесі – Зият Шәкерімұлы 1931 жылдың қазанында «Кереге тас» деген жерден Қытайға көшуге мәжбүр болады. Әкесінің бар қолжазбасын өзімен әкетеді. Аттанарда ел-жұртымен әнмен қоштасады. Сол әннің сөзі мынадай:

Қош болғын атамекен,
қайран Шыңғыс,
Түсті ауыр елбасына не бір
мұңлы іс.
Жосылдық Шәуешекке атты, жаяу,
Көзіме жас толғаны менің тұңғыш.
Қайырмасы:
Көрдік зұлым жәбірін,
Кетті содан сабырым,
Құшақтадым қоштасып,
Бабалардың қабірін.

Зият Шәкерімұлын 1937 жылы Шың Шысай үкіметі тұтқындап, содан оралмаған.

– Зият атамыздың тамаша әндері сол жақта қалыпты және көп деп естимін, соған қол жеткізсем, – дейтін. Әншінің бұл арманы орындалмады. Есесіне Моңғолиядағы, Түркиядағы қандастарымызға ұлы тұлғаның ұлы мұрасын ұлықтады, оған Әміреден кейін Париж сахнасына шығып, Шәкерімнің әнін шырқау бақыты бұйырды.

2010 жылдың шілдесі болатын. Кездесе кеткенбіз. Жүзі сынық, қабағы кейісті екен. Ұзақтау ойланып отырып, «Мен саған аманаттай етіп бір жәйтті айтпақпын», – деді.

– Қыдыш-ау, жанымды жегідей жеп жүрген мына бір оқиға болып тұр. Жақында ғана өз құлағыммен естідім, елімізге танымал болып қалған бір әнші қарындасымыз журналиске берген сұхбатында Шәкерімнің әнінің эстрада жанрындағы тұңғыш орындаушысы мен боламын, – деді. Қайда болсаң да айта жүрерсің, оны қазақ радиосының эфирінде тұңғыш шырқаған – қазақтың аяулы қызы Роза Рымбаева.

Көрнекті музыкант, продюссер, Тасқын Оқапов 1985 жылы ұлттық қордың музыка бөлімінен «Кебектің» әні деген нотаны қолына түсіреді. Әннің нотасын 1957 жылы академик Ахмет Жұбанов түсірген. Сөзін жазған – Шәкерім Құдайбердіұлы делінген. Тасқын Оқапов нотаны ұлттық консерваторияның зертханасына апарып, әннің Шәкерімдікі екенін анықтайды. Ол атамыздың ақтала қоймаған кезі ғой, Ахаңның бұл ісі нағыз көзсіз ерлік еді. Тасқынға әннің әуені бірден ұнаған. Екі айдың ішінде эстрадалық жанрда өңдеп, Розаның репертуарына енгізеді. Туынды:

Ту тіккен Тобықтының қос басшысы –
Жуанаяқ Тоқтамыс деген кісі.
Жамағайын жақыны сол кісінің,
Бар екен Кебек деген бір інісі.

Қайырмасы:

Ол Кебек мықты болған жас басынан,
Тоқаң да тастамайды өз қасынан.., –
деп кете барады.

Роза Рымбаеваның 1985 жылғы сәуір айында қазақ радиосынан тұңғыш рет аса жоғары диапазонда орындаған әуеннен ұлы даланың үнін естігендей боласыз.

Келденбай осы оқиғадан кейін көп ұзамай дүниеден озды. Содан бері бес жылдан астам уақыт өтті. Ең өкініштісі, осы бес жылда үлкен сахналарда Шәкерімнің тым болмаса бес әні орындалмады ғой. Өйткені, оларды нәшіне келтіріп айтатын адам жоқтың қасы. Атамыздың әні жетім қалып барады.

Кейінгі жылдары жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кеткен сазгерсымақтардың шығармашылық кештері жиі өтуде. Ал Қажы атамыздың туындыларына тым болмаса бір байқау бұйырмайды. Өнерде оны ойлап жүрген басшы да, қосшы да жоқ. Ұлттық консерватория мен Ұлттық өнер университетінде, өнер колледждерінде дәстүрлі ән мектептері бар. Бірақ олардың бағдарламаларына Шәкерім әндері енгізілмеген. Олар мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасында да ескерілмеген. Бұлай кете берсе, ұлы мұраның мүлде ұмыт болуы да ғажап емес.

Осыларды ойлағанда келместің кемесіне мініп, бақиға аттанып кеткен, өзі де қазақ өнері тарихының бір үзігіне айналған Келденбай Өлмесеков еске түсе береді.

Тарбағатай ауданы.

Көрнекті музыкант, продюссер Тасқын Оқапов 1985 жылы ұлттық қордың музыка бөлімінен «Кебектің» әні деген нотаны қолына түсіреді. Әннің нотасын 1957 жылы академик Ахмет Жұбанов түсірген. Сөзін жазған – Шәкерім Құдайбердіұлы делінген. Тасқын Оқапов нотаны ұлттық консерваторияның зертханасына апарып, әннің Шәкерімдікі екенін анықтайды. Ол атамыздың ақтала қоймаған кезі ғой, Ахаңның бұл ісі нағыз көзсіз ерлік еді.

Қажының 1911 жылы Орынборда басылып шыққан «Түрік, қырғыз, қазақ, һәм хандар шежіресін», 30 жылдай ғұмырын арнаған «Үш анық» философиялық еңбегін оқығаннан кейін ғана көңілімде